

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
рәміздерінің 30 жылдығына арналған  
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ  
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
*30 наурыз 2022 ж.*

**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научной конференции  
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ  
АРХИТЕКТУРА»**  
посвященной 30-летию Государственных символов  
Республики Казахстан.  
*30 марта 2022 г.*

**MATERIALS**  
of the international scientific conference  
**«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»**  
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols  
of the Republic of Kazakhstan.  
*30 March, 2022*

НҰР-СҰЛТАН  
NUR-SULTAN

УДК 001  
ББК 72  
Қ.18

**Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.**

**ISBN 978-601-337-649-3**

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001  
ББК 72**

**ISBN 978-601-337-649-3**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2022**

### Список использованных источников:

1. Генеральная схема организации территории Республики Казахстан, утверждённая приказом Министерства регионального развития Республики Казахстан от 31 декабря 2013 года № 403/ОД.
2. Основные положения Генеральной схемы организации территории Республики Казахстан, утвержденные Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2013 года № 1434.
3. Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года.
4. Прогнозная схема территориально-пространственного развития страны до 2025 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 13 сентября 2021 года № 634.
5. Рекомендации по разработке генеральной схемы организации территории Республики Казахстан (РДС РК 3.01-02-2008).

УДК 72.035:725.256(574)

## АТЫРАУ ӨңІРІНДЕГІ ТУРИЗМ АРХИТЕКТУРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғаллам А. А.

[gallam\\_alihan@mail.ru](mailto:gallam_alihan@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Сәулет» мамандығы магистранты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – профессор, сәулет докторы Қ.Қ.Арынов

Туризм саласы- Қазақстан экономикасындағы қарқынды салалардың бірі. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнім қалыптасуына, қосымша жұмыс орындарын пайда болуына көп әсерін тигізеді. Соңғы жылдарда туризм бизнестің ең табысты саласына айналып үлгерді. Туризм саласының жылдан-жылға маңызы артып, халықаралық байланыста және валюталық түсім көзі ретінде көп мемлекеттер аталмыш салаға баса назар аударуда. Міне, сондықтан, Қазақстан туризм саласын дамытуға ерекше назар аударып, еліміздің туристік әлеуетін қуаттандыру үшін нақты шараларды жүзеге асыруға тырысуда.

Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикамызда туризм дамуының: іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдық және шытырман оқиғалы турлар сияқты басымды бағыттары белгіленген [2].

Елімізде туризмді дамыту – мемлекеттің саяси және экономикалық қажеттілігінен туындаған негізгі сала болып табылады. Туризмді дамыту арқылы Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсартып, бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге болатыны да белгілі. Қазақстандық туризмді дамытуға бағытталған барлық қажетті ресурстар жеткілікті, атап айтатын болсақ: сәулеттік құндылығы бар тарихи қалалар, географиялық қолайлы аймақтар мен экологиялық табиғи орталар, агротехникалық құрылымдар т.б.. Мәдени және тарихи құндылықтарды жаңартуға бағытталған туризмді дамытуға түрлі саладағы алғышарттар жасалынып жатыр, солардың ішіндегі негізгілердің бірі аталмыш ортаның архитектурасын қалыптастыру болып табылады.

Соған сәйкес Қазақстанның батыс өңірінде туризмді дамыту арқылы экономикалық әл-ауқатын көтеруге болады. Атап айтсақ Батыс Қазақстан облыстарының ішінде Атырау облысының туризм саласында маңыздылығын арттыратын негізгі салалардың бірі мұнай өндірісі болып табылады. Сонымен бірге Атырау облысының бірегей табиғи және мәдени әлеуетіне, әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне туризмнің икемді ықпалдасуына, жер бедерінің және табиғатының әркелкілігіне негізделген, туристердің кез келген сұранымын қанағаттандыруға қабілетті қазіргі заманғы туризм индустриясы серпінді дамып келе жатыр.

Аталмыш өңірде Қазақстанның киелі жерлерінің тізіміне енген 7 тарихи ескерткіштер бар (Махамбет ауданы: «Сарайшық» мемориалдық кешені; Жылыой ауданы: Ақмешіт қорымы, Құлшан ата жерасты мешіті, Аралтөбе қорғаны, Иманқара кешені, Ұшқан ата қорымы; Индер ауданы: Махамбет Өтемісұлы мазары). Облыс қонақтары мен келушілері агроөнеркәсіптік сектор нысандарына, атап айтқанда, түйе, жылқы және басқа да фермаларға қызығушылық танытады. Облыстың туристік компаниялары ішкі және сырттан келу туризмін дамыту мақсатында маршруттарды белсенді әзірлеуді жалғастыруда. Осы аталынған әр саланың туризмді қалыптастырудағы өзіндік орны бар. Мақаланың желісі аталмыш салалардың туризмін жаңғыртуға бағытталған архитектуралық ортаның негізін жасау болып табылады.

Аталмыш мақала желісінде болашақта туризм Атырау өңірінің туристік орталықтарын қамтитын жалпы теориялық модел қарастыру жоспарда бар, моделде туризм орталықтарының жалпы архитектурасын кескіндейтін негізгі шаралар қарастырылған [3].

Өңірдің ең перспективалы туристік нысандарының бірі - Алтын Орда дәуіріндегі экономикалық орталықтары болған көне қалалардың бірі Сарайшық қаласы. Ол Жайық өзенінің бойында орналасқан. Жыл сайын «Сарайшық» мемориалдық кешеніне келушілер саны 12-ден 15 мың адамға дейін құрайды. Нысанның тарихи маңыздылығын ескере отырып, «Ортағасырлық Сарайшық» кешенінің құрылысы жобасының жоспары әзірленді [1].



1- сурет. Сарайшық қаласы

Ғасырлардан шыр шертіп тұрған сәулетіміздің тарихи құнды жәдігерлерінің бірі болып табылатын Сарайшық қалашығының қазіргі жай күйі көңіл толтырарлық емес, себебі Жайық өзенінің екпіні жыл өткен сайын қалашықтың бүйірін кеміріп тарих қойнауынан біржолата жойып жіберетіндей қауіп төніп тұр. Осыған байланысты қалашықты сақтап қалудың түрлі жолдарын қарастыру қажет. Біздің ойымызша қалашықтың бүйіріндегі ағып жатқан өзеннің қала жағындағы беткейіне түрлі тоғандар мен бөгеттерді тұрғызу қазіргі кездегі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болу керек.



Сонымен қатар туризмнің негізгі түрлерін дамытуға қолайлы аймақтар бар. Оның бірі географиялық ерекшеліктері, қаланың теңіз жағалауында орналасуы, облыс аймағында ауданы қырық мың шаршы шақырымнан асатын Нарын құмы, Каспий жағалауында гүлдейтін лотос гүлдері, сондай-ақ Индер тұзды көлдері орналасуы туризмнің болашағының дамуына үлес қосары сөзсіз (2-сурет).

Құрманғазы ауданы демалыс орындарында Қиғаш өзеніндегі балық аулау және аң аулау жұмыстарының жолға қойылғанымен ерекше. Қиғаш өзені жағалауының әдемі табиғи орны мен таза ауасы экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Мұндағы «Сексен кесік, сегіз арал» деп аталатын су қойнаулары аң-құсқа толы. Сонымен қатар бұл аймақта әлемде сирек кездесетін лотос гүлдері өседі. Қос өзен бойындағы тамаша табиғат көріністері ішкі туризмді дамытуға мол мүмкіндік бере бастады. 5 мың гектар аумақты алып жатқан лотос гүлдерінің алқабы Каспий теңізінің інжу-маржаны саналады.

Теңіз жағалауы мен Қиғаш-Шора өзендерінің айдыны қазір масатыдай құлпырған кілем іспеттес. Лотос – әсем гүлді көпжылдық су өсімдігі (3-сурет). Ескі замандағы Мысыр және Үндістан жұрты қатты құрметтеген. Аңызға сенсек, бұл гүлдің тұқымын Ұлы Жібек жолы заманында саудагерлер алып келуі мүмкін немесе жыл құстары арқылы таралған деген тәмсіл бар.



2- сурет. Туризм нысандарының орналасу аймақтары

Индер ауданында тұзды көлдің болуы осы жерде сауықтыру туризмін дамытуға мүмкіндік береді (4-сурет). Өткен жылы облыс ғалымдары Индер тұзды көлінің балшығы мен тұзын емдеу мақсатында пайдалану бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді және әртүрлі аурулар кезінде олардың бағалығына байланысты оң нәтиже алды.



3- сурет. Лотос алқабы



4- сурет. Индер тұзды көлі

Екі мемлекет пен үш облыстың құрамына кіретін Нарын құмдары-Еуропадағы ең үлкен шөл (5-сурет). Ауданы қырық мың шаршы шақырымнан асады. Нарын құмдары әртүрлі-кейбір жерлер Қаракұм шөліне ұқсас, кейбіреулері тіпті Сахара. Бүгінгі күні Нарын құмдарының құмдарында экстремалды демалыс түрлері дамыған, танысу турлары өткізіледі.





5- сурет. Нарын құмы

Қорыта айтқанда жоғарыда аталған туризм нысандары арқылы негізгі архитектуралық ғимараттарды жобалауға болады. Демалыс кешендерінің маңыздылығын ескере отырып жаңадан туризмнің саласын арттыру мақсатында әр түрлі жобаларды ұсынамыз. Мақаланың негізгі мақсаты Атырау өңіріндегі жоғарыда көрсетілген туристік нысандардың сақтап қалудың кейбір архитектуралық негіздері көрсетілді. Сонымен бірге аталмыш туристік нысандардың түрлері көрсетіліп олардың маңыздылығы туралы ұсыныстар жасалды және осыған сәйкес архитектуралық жобалау шаралары ұсынылды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Атырау\\_облысындағы\\_туризм](https://kk.wikipedia.org/wiki/Атырау_облысындағы_туризм)
2. С.Р.Ердәулетов, А.Р.Жұмаділов ТУРИЗМ ТАРИХЫ Алматы. 2010, 167 с.
3. Арынов Қ.Қ. Архитектура зданий ремесленных центров: монография. – Астана: ИП «Дана» издательство, 2018- 271 с.: ил.

**УДК 72.01**

## **ФИЛОСОФИЯ АРХИТЕКТУРНОГО ФОРМИРОВАНИЯ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ЖИЛЫХ ДОМОВ**

**Жусупов М. Б.**

*[zhussupov.madi@gmail.com](mailto:zhussupov.madi@gmail.com)*

Магистрант специальности «Архитектура», ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Новые социально-экономические условия Казахстана последних лет, а также повышенные требования к наиболее эффективному использованию территории города Нур-Султан и других городов Казахстана привели к новым направлениям проектирования, где началось интенсивное строительство большого количества новых жилых домов. Появилось престижное с точки зрения комфорта и месторасположения жилище. Столичный город развивается своим путем, отличным от других городов страны. Тенденции строительства и характерные архитектурно-типологические особенности индивидуальных жилых домов последнего десятилетия, рассматриваются на примере столичной архитектуры, архитектуры средних и малых населенных пунктов. В городской среде прослеживается формирование новой эстетики индивидуальных жилых домов. Повышение качественного уровня стало возможно в связи конкуренцией на рынке жилищного строительства, с начавшейся